

Тоқсамбаева А.О.

М. КӨПЕЙҰЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ РУХАНИ АРНАЛАР

Тоқсамбаева А.О.

ДУХОВНЫЕ ПРОБЛЕМЫ В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ МАШХУР ЖУСИПА КОПЕЕВА

Орыс бодандығы елімізді әуелі тәуелсіздігінен айырды. Бұдан соң өзгеріс ұлтымыздың өзіндік ерекшелікке толы шаруа тіршілігіне келеді. Алаш жұртының өз әкімдері, жоғалып, өз билігі өз қолынан кетіп, патша үкіметінің қолымен сайланған ұлықтар отырған соң, орыс үкіметі қазақ даласын уысынан біржола шықпайтындай қылып, саяси-экономикалық бағындырудың әдіс-амалын бұрыннан ойлап, дайындап жүрген дәстүрлі өз нәтижесін беріп жүрген жолы бойынша жылдамдатып жүргізе бастады. Талай жылдай қазақтың этно-психологиялық аңысын андып, әлсіз тұстарын есеңке алып, тамыршыдай тамырын ұстап келген соң, біржола басына нокта түсіретін мезгіл жеті деген уақытта қазақ сахрасының көзі түскен шұрайлы жерін елмен еш есептеспей тартып ала бастады. Бұл алаштың көптен күткен зор сұмдығының бірі осы еді, орыс үкіметі оны да іске асыруға белсене кірісті.

Жерлердің патша меншігіне біржола алынумен қатар, үкімет әуелі қазақ даласын айнала сызып, шеткі қалаларын салып, ел қондырды. Содан біраз заман өткен соң қалың қазақтың ортасын жарып, тағы бір рет бекіністік маңызы бар қалаларын салды. Барлығына да үкіметін, әскерін, саудагерін әкелді. Осы өздері қазаққа керексіз басы артық жер санаған алқаптарға Ресейдің қара шекпен мұжықтарын әкеп қондырды. Бұрынғы азат та, бұла кезеңдегі хан тұқымы, бұрынғы би, бұрынғы елдің қамын ойлайтын түзу адамның бәрі шетке қағылып, қыбыр еткен ісі болса барлығы да орыс қуатымен, орыс қолымен жүргізілетін әрі істейтін болды. Бір "заннан" кейін екінші "заң" шығарып, ел тіршілігінің азаттық шеңбері мүлдем қуысырылып тарыла бастады. Бұрын орыс билігі қайыс нокта болып созылса, енді ол көндей кеуіп, темір құрсаудай болып, алаштың тынысын тарылта қысып қинай бастады. Сайлау, билік, жүріс-тұрыс, көші-қон түгелімен бұрынғыдай ел ықтиярында емес, елдің үстінде қара бұлттай төніп тұрған жаттың ықтиярындағы шаруаға айналды. Кешегі Абылай ханның тұсында орысқа бағынуды сөз қылғанда осы хал болады-ау деп қайғырып, қаралы сөз қылған ел басшылары көп еді. Сол дәуірдің ханы мен биі, кәриясы мен жырауы, игі жақсысы түгелдей келесі заманның түнеріп бұзылатын қалпын айтып, зарлатып күйін айтып, жырлап өткен секілді. Солардың сөзін есіткен кейінгі толқын өз тұсында алдыңғының айтқан сөзі айна қатесіз келіп, солардың сәуегейлікпен айтып шошытқан дұзақ орнаған заман болатындығы айна қатесіз қазақ басына орнағанына куә болды. Сол себепті олар бұрынғы жақсыларын ғайыпты болжаған әулиедей көрді, кейінгі заманда көріп тұрған күннің ауырлығын айтып күңіренген ел, алдыңғы өткен жақсыларының аруағынан айналып, басқан ізін торқадай көріп тәуіп етті.

Осындай хал-ахуалда дүние есігін ашқан М. Көпейұлы көкірегіне өлең ұялаған кезден бастап, көбіне халық ауыз әдебиетінен сусындап өскен болатын. Сондықтан, ақын шығармашылығы қалыптасуының түрлі кезеңдерінде қазақ әдебиетінде әбден қалыптасқан дәстүрлі екі бағытта өрбіді: бірі - фольклор жинаушысы; екіншісі - ауыз әдебиеті жанрларын жаңа әдеби жағдайға байланысты өз шығармаларында жазба әдебиеті ерекшелігіне орайластырып пайдаланғаны. Бұл туралы М. Әуезов [1], С. Мұқанов [2] т.б. ғалымдар тарапынан жан-жақты сөз етілді.

Сол дәуір ақындары халық ұғым-түсінігіндегі эпикалық жыр, қонақ миф, тарихи-діни аңыздар мен ертегілердің барлығын өзінше барлап, өзінше көкірегіне тоқып, ақындық қазанында пісіріп, әсем сөзбен айшықтап елге танытты. Солар сияқты Мәшһүр ақын да ұлттың ортақ қазынасына бей-жай қарамай, одан үйреніп, өз шығармашылық үдерісінде қажетіне жарата, романтикалық рухта асқақтата жырлады. Осы тұрғыдан алып қарағанда, романтик ақын ретінде Мәшһүрдің фольклор үлгілерін пайдалануы түрліше болып келеді. Ескі түркілік талғам мен талап ислам түсінігіне ыңғайлана түрленіп, жаңғырып жаңаша ұғындырылса, енді бірде халық ескілігі еш боямасыз беріліп отырылады. Қазақ әдебиетінің классигі С. Мұқанов өзінің діни-имандылық тәлім-тәрбиені қалай алғандығын және діни дастандардың ауылдастарына қалай эстетикалық әсер еткенін "Өмір мектебінің" бірінші кітабында жеріне жеткізе тамаша баяндап, өзі куә болған қисса оқу дәстүрінің елдің рухани қажеттілігін ХХ ғасыр басында қалай өтегендігін ағынан жарыла жазып кетті.

Қазақ әдебиетінде осы айтылған жүз жылдық дәуірден қалған ізбен келген белгі өлгенше көп, сол белгілердің бір алуаны Кенесары, Исатай өлеңдері сияқты болса, екінші бір алуаны - елдің ақыны мен жыраулары айтқан толғау, тақпақ өлеңдері болады. Енді осылардың қатарына Молда Мұса, Тұрмағанбет, Мәшһүр сияқты жаңа буын ақындардың өмірді өздерінше ескі үлгімен, енді есік қаққан жаңаны араластырып баяндауы қазақ әдебиетінің бағы болды десек қате айтқандығымыз.

Мәшһүрдің шығармашылығындағы әдеби дәстүр жалғастығы бір-бірімен астасып, әрі қоса қабаттасып жатқан ірі-ірі төрт арнадан тұрады: оның біріншісі ауыз әдебиеті үлгілерін заманалық қазақ әдебиетінің дамуына сай жаңартып, оның жанрлық түрлерін өз туындыларында кеңінен пайдалануы; екіншісі - өзіне дейінгі шығармашылық ғұмыр кешкен ақын-жыраулар үрдісін қазақ әдебиетінде туындаған жаңа тарихи жағдаймен байланыстыра өзінше байыптауы; үшіншісі - қазақ әдебиетінің дамуына, өсіп-өркендеуіне зор ықпал еткен шығыс классиктері мен түркі

суфизмі оқидерінің олмес-өшпес шығармаларына өз поэзиясына рухани серік етуі; төртіншісі - орыс әдебиетінің Жуковский, Рылеев, Одоевский т.б. сияқты танымал ақындарын түп нұсқадан оқып білуі және Байрон, Гете сияқты әлем әдебиеті алыптарының орысша аудармасымен жете таныс болып, ондағы өрнекті ойларды, тартымды идеяларды ретін тауып өз шығармашылығында орынды кездеге жаратуы.

Ресми емес қазақ ғылымында біздің әдеби тарихымызда үш әдеби мектеп қалыптасты деген ойлар қылаң беріп жүр. Оның бірі - Махамбет пен Дулаттар түрлеген ақын-жыраулар мектебі; екіншісі - элемдік әдеби дәстүрге негізделген Абайдың ақындық мектебі; үшіншісі - Шығыстық дәстүрді ұстанған Сыр сүлейлерінің ақындық мектебі деген ойдың дұрыс-бұрыстығын ресми ғылыми орта өзі айта жатар.

Батыстық озат әдеби оймен жете таныс, ұлттық ақындар да, шығыстық идеямен қанаттанған дәстүршіл ақындар да, фольклор аясынан ұзап шыға қоймаған халық ақындары да, шағын әрі көлемді өлендерімен емес, оның ішінде көкейге қонатын тауып айтқан мақал-мәтелге орайлас шумақтарымен ұлт жадында жатталды.

Ауызша айтып өлең шығарушылар да, жазбаша өлең шығарушылар да мұсылманша оқып, білім алған, молда алдын көрген өз дәуірінің сөзін ел тыңдаған зиялылары еді.

Біз осы тұстағы, яғни XIX ғ. соңы мен XX ғ. басындағы әдеби үдерісте орын алған әдеби дәстүрлерге тоқталар болсақ, олар төртеу:

- 1) Ақын жыраулар мен фольклор үлгісі;
- 2) Шығыс әдеби үлгілері;
- 3) Еуропа әдебиетінің эсері мен ықпалы;
- 4) Абай өнегесі.

Бұрынғы ауыз әдебиеті жанрлары (жоқтау, арнау) ендігі жерде ұлттық нақыштағы элегия мен одаға айналып, ақын-жыраулар поэзиясында кең орын алатын жорық жырлары, жауынгер ақындардың жұрттан өзгеше ақындық «мені» мен автопортреті т.т. орысқа бодан болған замандағы бұрынғы ел еркіндігін аңсаудан туған азаматтық лирикаға айналды.

М. Көпейұлының өзінен бұрынғы ақын-жыраулармен шығармашылық байланыстарын сөз еткенде екі түрлі мәселеге назар аудару қажет сияқты: оның бірі - олардың артында қалған мұраларын жинастырып, дәстүрлерінен тәлім-тәрбие алуына; екіншісі - өзінен бұрынғылардың жырлап өткен дәстүрлі тақырыптарына ақынның өз тарапынан енгізген өзіндік жаңалықтары.

Мәшһүр өзінің ақындық, шығармашылық ізденістеріне жауапты зар заман ақындары мен батыс әдебиетінен тапты. Олар сусындаған арналардан рухани қолдау алды.

Кеңестік қатаң танымның кесірінен мәшһүртану ғылымында аса көңіл бөлінбей келген, тіпті күшпен басылып, еркін зерттелу мүмкіндігінен айырылған сала - Мәшһүрдің рухани нәр алып, шабытын қамшылаған әдеби дәстүрлер эсері. Мәшһүрді рухани нәр алған арнасынан, әдеби дәстүрінен айыру әміршіл-әкімшіл жүйенің зымиян саясаты болатын.

Әуелде М. Көпейұлын өмірінің соңынан дейін Алланың ақ жолынан айнымағаны үшін ғана кеңестік әдебиеттен аластатпақ болды. Бірақ, Мәшһүрдің ғұлама А.баймен үндесетін кемел ақыл-ойы, арттағыға қалған келелі сөзі кеңестік пиғылдың тосқауылдарын жарып өтіп, халықтың жүрегінен орын тауып жатты. М. Көпейұлы тек әдеби зерттеу еңбектерде ғана ауызға алынып, шығармашылығы толыққанды зерттелмеді.

Ендігі кезекте нәр алған тамырынан ажыратылып қаралған ақынды ескінің керексіз көзі ретінде өздерінше саралауға кірісті. Оған жолатпауға тырыскандары эрине, Батыстың және орыстың мәдениеті мен әдебиеті еді. Мәшһүрге ерекше ықпал еткен Шығыс қайнарының көзін бітеп, діни-фанатик деген орынсыз түсінікті санамызға сіңірді. Белгілі бір жүйеге бағынған кеңестік әдебиеттану М. Көпейұлын төл әдебиетіне, ақыны мен жырауына, тіпті бүкіл қазақ халқына қарсы қойды.

Мәшһүрге дейінгі әдеби дәстүрді осылайша бір ыңғайлы еткендер мұнымен де тоқтамай, Ағылшынның Байронымен, Немістің Гетесімен, Орыстың Пушкинімен үндестігін тасада ұстады.

Біздің аталған дәуірге жататын ақындар жас кезінде орыс оқуын оқымаса да, ақындық келбеті нақытыланған тұста, үстемдігі жүріп тұрған орыс тілімен таныс болғандығы еш шәк келтірмейді. Осындай орыс және еуропа әдебиетінің ықпалы әдебиетімізге ене бастауы турасында белгілі зерттеуші Р. Бердібай мынандай толымды ой айтады: "Молда Мұса шығармаларында ағы Еуропа-орыс әдебиетінің тәсілі байқалады. Оның: Ақындыққа қазактың алқындаймын, Еш жүйірікке алдымда шалдырмаймын. Араб, парсы, түркі - бәрі бірдей, Тек тұрмай орысша да балдырлаймын,-деген сөздері біздің пікірімізді пайдасына шығады деп сенеміз. Мұның үстіне, ақынның эзіл-шынын-аралас:

Шекспир, Бальзак, Гете, Пушкиніннен Кеммін деп жүргенім жоқ ешкімінен,-дейтін жолдарын коссак, оның Еуропа әдебиетін білу дәрежесі біршама анықталғандай болады"» [3,326]. Абайдан кейін қазақ әдебиетінде оның дәстүрі қалыптасты десек, сол дәстүр ұғымының аясында ұлан-ғайыр дүние қылаң береді. Ғалым Ж.Ысмағұловтың сөзімен айтсақ: «Абай дәстүрі деген ұғымның сан салалы, өте күрделі екені мәлім... Озгені былай қоя тұрып, Абайдың реалистік дәстүрін ғана ауызға алсақ та, оның әр жағында том-том зерттеу еңбектерінің сұғібасы көзге елестеп тұрар еді»[4,326].

Әдеби дәстүр дегенде, ең алдымен, сол арналардан нәр алушы Мәшһүрдің рөлін, ақындық қарекетін айқындап көрсету шарт. Мәшһүрдің шығармашылығындағы дәстүр жалғастығын емес, сол дәстүрді өзінше дамыта білген даралық сипаттарын анықтағанда ғана М. Көпейұлының қазақ әдебиетіндегі орны айқындала түспек. Тек қана ақын көркемдік ерекшелік тұрғысынан емес, нәр алған бұлақтарының тұнығын ашып, толымды баға берілген уақытта М. Көпейұлының әдеби үдерістегі өзіндік алатын орны айқындалмақ.

Ақынның нәр алған әдеби ортасы - ақын-жыраулар, шығыс ақындары айтқан поэзиядағы көркем

ой-пікірлеріді ұлтына танытуы, батыстық түрлі әдеби мектеп өкілдерінің шығармашылық мұрасының ақын туындыларында көрініс табушылық осы салалардағы жүйелі зерттеулердің негізгі нысанын құрап, жалпы әдеби мұрасындағы шығармашылық құндылықтары біртұтас жүйеде толық қанды зерделеуге бастап алып келеді.

XIX ғасыр соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетіндегі рухани арналардың шынайы зерделенуі бір М. Көпейұлынның ғана емес, онымен тұстас шығармашылық тіршілік кешкен ақындарға да қатысты зерттеулерге, оқулықтар мен оқу құралдарына ой қоспақ, Сол тұстағы шығармашылық өмір кеіікен ақындар шығармашылығына қатысты ізденістерде осы бір рухани арналарды үнемі кәперде ұстасақ, сол дәуір әдеби үдерісінің табиғатын толық ашып көрсете алуға бір табан жақындай түсер едік.

Біз өз мақаламызда мәшһүртану ғылымында алғаш рет рухани арналарды кең түрде, жанаша

көзқарас тұрғысынан зерттеу нысанына алу керектігін көтеріп отырмыз. Бұл тұрғыда Абайдың назарын алғаш орыс, батыс әдебиетіне бұрған Халиолла Құнанбайұлының ықпалы сияқты Мәшһүрге түрткі болған рухани бастау көздерді де ескеріп отыруға тиіспіз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Әуезов М. Абай Құнанбаев, Мақалалар мен зерттеулер. - Алматы, Мектеп. 1964.
2. Мұқанов С. Қазақтың ХҮІІІ-ХІХ ғасырдағы әдебиетінен очерктер. Алматы, 1942. 456 б.
3. Бердібай Р. Жұлдыздар жарығы.- Алматы: 1%Білім\ 2000.-248 б.
4. Ысмағұлов Ж. Абай дәстүрі және оның XX ғасыр басындағы әдебиетте дамытылуы.// кітапта: Қазақтың бас ақыны: Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. -Алматы: Дәуір, 2004. -120 бет.

Рецензент: д.филол.н., профессор Байгазиев С.Б.